

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

9. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркология. 1978. – 159-179 с.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы, 2011. – 800 б.
11. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
12. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана, 2013. – 431 б.
13. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь, 2010. – 356 б.
14. Мурзаев Э.М. Словарь народных географияческих терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 653 б.
15. Молчанова О.Т. Желтые цвета в Алтайском ономастиконе // Тюркология. 1986. – С. 192-201.
16. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы: Арыс, 2001. – 174 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
19. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы, 2011. – 750 б.
20. Никонов В.А. Пути топонимического исследования // Принципы топонимики. Москва: Наука, 1964. – 58-86 с.

## «САЙРАН» ТАРИХИ ТОПОНИМІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

*ЕСПЕКОВА Л.Ә.,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология  
ғылымдарының кандидаты,  
қауымдстырылған профессор  
Астана қ, Қазақстан*

**Түйіндеме.** «Аталған мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды. Мақалада Ұлы Жібек жолындағы ірі тарихи қалалардың бірі Сайран қаласына қатысты деректер беріледі. «Сайран» тарихи топонимі жөніндегі көзқарастар, топонимнің шығу төркіні сараланған.

**Тірек сөздер:** Сайран, Испиджаб, тарихи қала, тарихи топонимдер, Ұлы Жібек жолы

**Аннотация.** Данная статья написана в рамках программно-целевого проекта BR10965370 «Изучение исторической топонимии Великого Шелкового пути на стыке наук», утвержденного Министерством образования и науки Республики Казахстан». В статье представлена информация о городе Сайран, одном из крупнейших исторических городов Великого шелкового пути. Рассматривается взгляды на исторический топоним «Сайран», происхождение топонима.

**Ключевые слова:** Сайран, Испиджаб, исторический город, исторические топонимы, Великий шелковый путь

**Abstract.** «This article was written in the framework of the program targetproject BR10965370 «Study of the Historical Toponymy of the Great Silk Road at the Juncture of Science» approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan». The article provides information about the city of Sairan, one of the largest historical cities of the Great Silk Road. Considered views on the historical toponym "Sairan", the origin of the toponym.

**Key words:** Sayran, Ispidzhab, historical city, historical toponyms, Great Silk Road

Ұлы Жібек жолы мәдени байланыстардың ошағы болды. Оның тарихтағы орны да ерекше. «Ұлы Жібек жолы 2 мың жыл бойы өмір сүрген. Ол әлем тарихында дара ерекше құбылыс болды, Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықтарды біріктірді... Ұлы Жібек жолы әртүрлі сауда, мәдени жаңалық және жаңа ойлардың таралу жолы, Еуразиядағы көшпелілер мен отырықшы халықтардың даму жолы болды. Жібек жолы өркениет жолы болды» (Байпақов т.б., 1992, 203-б.).

Ұлы Жібек жолында Тараз, Отырар және Испиджаб (Сайрам) секілді көптеген қалалар бой көтерді. Тарихқа көз жүгіртсек, кейін бұл қалалар ғылым мен қолөнердің, мәдениет пен сауданың орталығына айналған. Сондай ірі қалалардың бірі – Испиджаб (Сайрам). Бұл қала сол кезеңде Ұлы Жібек жолындағы ірі және негізгі сауда орталығы болды.

Кейбір деректерде қала «маңызды стратегиялық орталық» болған дейді (Байпақов т.б., 1992, 54-б.).

«Испиджаб қаласының дәуірлеп гүлденген шағы Х–ХІІ ғасырлар болды. Бұл кезде қала өз маңындағы көптеген елді мекендерді біріктірді. Отырықшы ел жер жыртып, егіншілікпен айналысты. Арыс, Бадам өзендерінен қалаға құбыр жүргізілді, науалар салынды. Мұндай құрылыстарды қаланың қазіргі жатқан орнынан да айқын аңғарамыз» (Досжанов, 1967, 69-б.).

Бұл қалада көптеген тарихи ескерткіштер бар, қойнауы құпияға толы қала. «Орта ғасыр дәуіріндегі Испиджаб – Сайрам Х ғасыр мен ХІІІ ғасырдың бас кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ең ірі қалаға айналады». Сол кезеңде Испиджаб округі «Сырдария бойындағы Кедер, Сығанақ, Сауран, мен Янгикент қалаларын, Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі Баладж мен Берукей қалаларын, Жетісудың Тараз, Құлан, Мирки (Мерке), Суяб қалаларын қамтыды» (Байпақов т.б., 1992, 49-50-б.).

Қазіргі таңда бұл қала Сайрам атауымен кездеседі. Г.Қосымова еңбегінде Сайрам атауының қолданыла бастауы ХІ ғасырдан басталады десе, кейбір деректерде «Сайрам» атауының қолданылуы Х ғасырдан басталады деп берілген (Бабалар сөзі, Т. 34, 2006. 384-б.). «Сайрам – өзен, аудан аты, Оңтүстік Қазақстан облысында. Бұл қала атының бұрынғы тарихи аты Испиджаб болған... ХІ ғ. екінші жартысында Испиджаб атауымен қатар Сайрам қолданыла бастайды» (Қосымова, 2019, 104-б.). «Испиджаб» атауы М.Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Оны ақ қаланың аты деп береді (<https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=103>).

**Ғ.Сейлов** «Ежелгі Сайрам қаласы атауының шығуы туралы аңыз» деген мақаласында «Тарихи деректерде Сайрам қаласының онға жуық Сайрим, Исфиджаб, Нучингень, Сайлан, Бейшуйху, Аль маданият аль Байзо, Сайрам секілді атауларын кездестіруге болады. Сайрам жөнінде ең алғашқы рет 629 жылы жазылған қытай саяхатшысы Сюань-Цзянның қолжазбаларында кездеседі, мұнда Сайрам – «Ақ өзен бойындағы қала» деп көрсетілген. Кейін Махмұд Қашқари еңбегінде: «Сайрам – бұл Ақ қала (Аль маданият ал Байзо). Ол қаланы Исфиджаб және де Сайрам деп те атайды» деп жазған. Исфиджаб атауы соғды тілінен аударғанда «Ақсу» деген мағынаны білдіретіндігін орыс ғалымы В.К.Шуховцов ұсынған» дейді. Зерттеуші «Сайрам» атауының шығу төркіні жайлы жорамалдар көп екенін айта отырып, кейбір ғалымдардың «Сайрам» атауын сайрим тайпасының атауымен, енді бірі бұл атауды Нұх пайғамбармен байланысты қарастыратынын айтады (**Сейлов**, 2020, 1-б.).

«Бабалар сөзінің» 56-томында: «Сайрам (Исфиджаб, Испиджаб) – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі. Жұрты қазіргі Сайрам кентінің оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам туралы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде кездеседі. Онда «Сайрам—Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың аты» делінген. Демек, Сайрам – Исфиджабтың кейінгі атауы. ХV-ХVІІІ ғасырларда ірі сауда, қолөнер және діни орталық болған» деген деректер беріледі (Бабалар сөзі, 2006, 320-б.).

Жалпы «Сайрам» атауын тарихи жырлардан жиі кездестіреміз:

Түркістан, **шаһар Сайрам** аман ба екен,

Қазағым киіз туырлық, керегелі?

Жараным Дешті-Қыпшақ аман ба екен,

Жарлы-бай, жақсы-жаман, жас пен кәрі

«Еңсегей бойлы Ер Есім» (Бабалар сөзі, 2006, 149-б.)

–Мен өзім –нәсілім төре, қазақ – затым,

«Түркістан, **Сайрам**» дейді шаһарым атын

«Еңсегей бойлы Ер Есім» (Бабалар сөзі, 2006, 149-б.)

Сырнай-керней, барабан

Түйіліп, дабыл қағылған.

Шаһарына **Сайрам** келеді,  
«Төле бидің тарихы» (Бабалар сөзі, 2006, 73-б.)

Тарихи жырларда «Сайрам» қаласы Түркістанмен қатар айтылатыны байқалады. Түркістан – Қазақ хандығының астанасы болған, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан тарихи қала. Сайрам қаласының осы Түркістан қаласымен тең дәрежеде қатар қолданылуы оның тарихтағы орнын айқындай түседі.

Көптеген ғылыми еңбектерде «Сайрам» қаласының ірі діни орталық болғандығы туралы мәліметтер кездеседі. Сайрамда орта ғасырлық сәулет ескерткіштері көптеп кездеседі. Әрі бұл жерде көптеген әулие адамдар жерленген: **Ибраһим ата кесенесі**, Қарашаш ана кесенесі және т.б. Тарихи жырлардағы «Сайрамдағы сансыз бап» қолданысы осы жайттармен байланысты айтылған.

Арыс мойнында алты бап,  
Сыр бойында жеті бап,  
**Сайрамдағы сансыз бап,**  
Шапағатшы күн болды,  
Мәдинеде Мұхаммед,  
Үргеніште ҚожаАхмет.  
Түркістандағы әулие—  
Алтын сандық Әзірет,  
Баба түкті шашты Әзіз,  
Қырық шілтен, қолда, бабам-ай...

«Еңсегей бойлы Ер Есім» (Бабалар сөзі, 2006, 93-б.)

**Сайрамда сансыз бап,**

Әзірет Сұлтан жар болып,  
Сүйеп қалды бұл ерді.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» (Бабалар сөзі, 2006, 135-б.)

«Төле бидің тарихы» деген жырда Сайрам қаласының тарихына байланысты мынандай деректер кездеседі:

«Тарихында Сайрам сонымен жеті мәрте бұзылып, түзелген дейді.

Бүгінгі **Сайрам** қалдығы

Құралған сонан ел еді.

Жеті мәрте бұзылып,

Түзелген шаһар дер еді.

Фарсы тілде Сарям

Басқа шаһар дегені» деген мәлімет кездеседі. (Бабалар сөзі, 2006, 74-б.)

«Төле бидің тарихы» атты тарихи жырдан Сайрамның Сарям деген атауының болғандығын және қаланың бірнеше рет бұзылғандығын байқауға болды. Бұндай деректерді тарихшылардың еңбектерінен де кездестіреміз. К.Байпақов, А.Нұржанов «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» еңбегінде Сайрам қаласын «Сарьям» деп те атағанын айтады (Байпақов т.б., 1992, 11-б.). Жоғарыда берілген деректерден бұл қаланың бірнеше атаулары болғандығын көреміз.

Сонымен қатар кейбір зерттеушілер «Сайрам» атауын «ақ» сын есіммен байланыстыратынын байқаймыз. Бұл жөнінде екі көзқарасты кездестіруге болады. В.К.Шуховцов «Исфиджаб» деген атау соғды тілінен аударғанда «Ақ су» деген мағына беретінін айтады. Осы ерекшелігіне байланысты Сайрам қаласының атауы «ақ қала» деген атауға ие болады. Ал енді бір зерттеушілер «ақ қала» атауының шығуын тақуа, діндар, ізгі ниетті әулие-әмбиелермен байланыстырады. Тарихқа жүгінсек, кезінде Сайрам қаласы ірі діни орталық болған. Ол қалаға діндар, тақуа адамдар жиналған, осы ерекшелігіне байланысты «ақ қала» атауына ие болғанға ұқсайды.

«Сайрам» сөзінің шығу төркініне байланысты да әртүрлі мәліметтер кездеседі. Г.Қосымова «Сайрам» сөзінің этимологиясы туралы Махмуд Қашқари сөздігінен деректер

береді: «Сайрам сув – саяз, аз су» ...сайрамланды: сув сайрамланды – су саязданды, азайды»... – дейді. Сонымен қатар Махмуд Қашқари еңбегінде оның екінші мағынасы «қала атауы» дегенді келтіреді (Қосымова, 2019, 104-б.). Сонымен қатар еңбекте Ә.Нұрмағанбетов, Э.Мурзаевтың еңбектерінен де «сайрам» сөзіне қатысты мәліметтер берілген. Ә.Нұрмағанбетов татар тіліндегі «сай» сөзінің «таяз» ұғымында, ал қазақ тілінде «таяз» сөзі «саяз» мағынасын беретінін айтады. Ғалым «саяздың» түбірі «сай» екені күмәнсіз дейді. «Э.Мурзаевтың «сайрам» – «лиководье, не глубокая вода», –деген пікірінде де тарихи шындықтан алшақтық жоқ» (Қосымова, 2019, 105-б.) деген пікір айтылады.

К.Қайыржан «Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері» атты еңбегінде «Сайрам» сын есім, «жайдақ, таяз, саяз» деген мағынаны білдіретінін айтады (сайрам су) (Қайыржан, 2013, 20-б.).

«Төле бидің тарихы» деген жырда *«Болған жер сияз Сайрам деп»* деген жолдар беріледі:

Жер бөлімін болжайық.  
Қоныс алды қай жерге  
Қайбір жүздің баласы.  
Қариялардың сөзі көп,  
Біреулер ондай, мұндай деп,  
Ұлы жүздің айтуы.  
Қоразтөбе, Састөбе,  
Болған жер **сияз Сайрам деп...**

«Төле бидің тарихы» (Бабалар сөзі, 2006, 83-б.)

Жоғарыда берілген мәтінге сүйенсек, «жер саяз» болғандықтан «Сайрам» аталғанын айтады, яғни жырдағы «сияз» сөзі қазіргі әдеби тілдегі «саяз» сөзіне келеді.

Жоғарыда берілген пікірлерді негізге ала отырып, «Сайрам» топонимінің пайда болуына «сай» формасының негіз болғанын және де оның алғашқыда саяз, таяз су мағынасында қолданғанын байқаймыз. Қазіргі кезде «Сайрамсу» деген өзен атауы да кездеседі. Ол Төле би, Сайрам аудандары арқылы ағатын Арыс алқабындағы өзен қатарына жатады.

Сайрам қаласының Ұлы Жібек жолының тарихында орны ерекше. Бұл қала Ұлы Жібек жолында ғылым мен қолөнердің, мәдениет пен сауданың ірі орталығы болған. Қаланың түрлі атауларға ие болуында да үлкен сыр жатыр. Ерте заманда қойылған атаулардың өзіндік тарихы бар екені сөзсіз. Бұл тарихи топонимдер қазақ тілінің тарихынан сыр шертетін құнды деректер қатарына жатады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Атаулар. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=103>
2. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, 1992. –208 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 34.–Астана: «Фолиант», 2006. – 384 бет.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 56-57.–Астана: «Фолиант», 2006. – 384 бет.
5. Досжанов Д. Құм жұтқан қалалар. –Алматы, 1967
6. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. . – Алматы: Эпиграф, 2019. –2016 б.
7. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 бет
8. Сейлов Ғ. Ежелгі Сайрам қаласы атауының шығуы туралы аңыз // <https://newsroom.kz/regions/turkistan/sairam-audany0736590.html>